

## Тиісті келісімдермен ресімделмеген кредиттік түсілімдерді өтеу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 08 желтоқсандағы N 1689. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.*

"Кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара берешегінің ішкі республикалық есебі бойынша есеп айырысуды аяқтаудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 5 сәуірдегі N 1641 U941641\_ Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара берешегінің ішкі республикалық есебін өткізу нәтижелері бойынша ресімделген мерзімді айналым вексельдерін өтеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 24 ақпандағы N 205 P950205 \_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Өзара борыштардың республика ішіндегі есептемесі бойынша кредиттік түсілімдердің орнына берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің вексельдік міндеттемелерін ресімдеудің және кейіннен оларды өтеудің тәртібі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылға арналған республикалық бюджет құрамынан вексельдік міндеттемелерді сатып алу үшін қажетті қаражат қарастырылсын.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Үкіметінің 1995 жылғы 8 желтоқсандағы N 1689 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өзара борыштардың республика ішіндегі есептемесі бойынша кредиттік түсілімдердің орнына берілген вексельдік міндеттемелерін ресімдеу және кейіннен оларды өтеу тәртібі туралы  
Е р е ж е

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің вексельдік міндеттемелері

құжатталмаған бағалы қағаздар болып табылады және қағазсыз нысанда шығарылып, вексельдік міндеттемені ресімдеуге арналған келісімнен /үш дана болып/ ресімделеді /қоса беріліп отыр/.

Аудандық /қалалық/ салық инспекциялары 1994 жылғы өзара борыштардың республика ішіндегі есептемесі бойынша қолдағы кредиттік түсілімдерді тексеріп, растайды.

Аудандық /қалалық/ қаржы бөлімдері 7 күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің айналыстағы мерзімді вексельдерін сатып алуға және сақтауға арналған келісімдермен ресімделмеген кредиттік түсілімдері бар шаруашылық жүргізуші субъектілерімен вексельдік міндеттемені ресімдеуге арналған келісім жасауға міндетті. Көрсетілген мерзімде ресімделмеген жағдайда кредиттік түсілімдер республикалық бюджеттің кірісіне аударылатын болып белгіленсін.

Келісім үш данада ресімделеді, оның біреуі шаруашылық жүргізуші субъектіге беріледі.

Вексельдік міндеттемені ресімдеуге арналған келісім кредиттік түсілім сомасына /мың теңгемен/ ресімделеді.

Вексельдік міндеттемені өтеу ресімделген келісім сомасына қарай және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген мерзімдерде жүргізіледі. Аудандық /қалалық/ қаржы бөлімдері жасалған келісім негізінде қызмет көрсетуші банктер бойынша вексельдік міндеттемелерді өтелуге тиісті шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізімдерін жасайды және оларды келісімнің бір данасын қоса отырып облыстық қаржы басқармаларына түсіреді. Облыстық қаржы басқармалары вексельдік міндеттемелерді өтеу жөніндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің жиынтықты тізбесін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне түсіреді. Қосымша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің вексельдік міндеттемелерін ресімдеуге арналған келісім Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, бұдан әрі "эмитент" деп аталатын \_\_\_\_\_ /аудандық, қалалық қаржы бөлімдері/ /басшылары/ атынан бір жағынан және \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ / шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы және заңды мекен-жайы/ бұдан әрі "инвестор" деп аталатын шаруашылық жүргізуші субъектінің басшысы атынан екінші жағынан, осы келісімді төмендегілер жайында жасады:

1. Инвестор өзара қарыздың республикалық ішкі есептеме қорытындылары бойынша оқшауланған және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мерзімді айналыстағы вексельдерін сатып алуға және сақтауға келісіммен ресімделмеген кредит сальдосы сомасына Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінің қағазсыз нысанда шығарылатын вексельдік міндеттемелерін жалпы сомасы \_\_\_\_\_  
\_\_ цифрмен /жазумен/ мың теңгеге алады. 2. Эмитент ресімделген келісім сомасы бойынша мың теңге вексельдік міндеттемелерін өтеуді жүзеге асырады. 3 . Өтеу Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген мерзімде жүзеге асырылады. 4. Осы келісім екі жақ келісімге қол қойған сәттен күшіне енеді.

Э м и т е н т

И н в е с т о р

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК